



# ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Кэтлин Маккормик  
«Әдеби мәтіндерді оқу, зерттеу және  
дайындау мен қабылдау жүйелерін  
теорияландыру»



**Мақсаты:** Маккормиктің дайындау мен қабылдау теориясы негізінде дискурстық кеңістік ұғымына сипаттама беру, аталмыш теорияның педагогикалық мақсаттарын дәйектеу.

**Кілт тіркестер:** детерминистік позициялар, дискурстық позицияларды қайта ойлау, дайындау мен қабылдау арасындағы айырмашылықтар, мәтінді оқу.

**Негізгі идеялары:**

- Дискурстық позицияларды қайта жүйелеу.
- Әдеби мәтіндерді дайындау мен қабылдаудың педагогикалық негіздері.
- Маккормик мәтіндердің дискурстық кеңістігі туралы.
- Бенеттің мәтін туралы тұжырымдары.
- Маккормик студенттердің мәтінді оқуына қатысты үш кезеңдік ерекшелік туралы.

Кэтлин Маккормик Нью-Йорк колледжінде әдебиет пен жазылу дағдыларын қалыптастырудан сабақ береді. Оның негізгі мамандану кеңістігі – ирланд әдебиеті, Джеймс Джойс, итальян-америкалық әдебиеті және оқу мәдениеті. Өздеріңізге ұсынылатын эссе көлемінде автор Джеймс Джойстің «Улисс» романындағы Молли Блум әрекеттерін талдайды.

Кейінгі он жыл көлемінде мәдениеттану саласындағы көптеген зерттеушілер мен теоретиктер аудиторияны күші жоқ субъектілер деп қарастырған детерминистік позицияларға қарсылық білдірді. Мәтіндік детерминизм позициясын талдаған Стюарт Холл, Пол Виллемен мен Дэвид Морли сияқты теоретиктер оқырмандар жай ғана «мәтін субъектілері» бола алмайды, олар әдебиет арқауын құрайтын «әлеуметтік тақырыптардың» арналарын дәйектейді деп атап көрсетті. Пол Виллеман мен Дэвид Морли айтқандай, «оқырмандар белгілі бір әлеуметтік формацияда өмір сүре отырып, мәдени жүйелердің өкілдеріне, ал уақыт өте әдеби мәтіндердің нысандарына айналады». Әрине, аталған тұжырымдар мәтін мағынасында орын алатын артықшылықтарды жоққа шығара алмайды. Бұл ретте оқырмандар «бейімделген» және «оппозициялық» элементтері бар мәтіннің «келісілген» нұсқасын артық көреді. Мұндай мәтін мағынасы мен оқырманның ішкі әлемі арасында байқалатын тәуелділік субъективтілік теориясындағы өзгерістерді дәйектей түсті. Ол, әсіресе теледидар мен кино салаларында кеңінен байқалды. Оқырманның білімі, қарсылығы мен қалыптасқан тұжырымдар әлемі оның потенциалды да белсенді бейнесін қалыптастыруға көмектесті.

Маккормиктің айтуына қарағанда, оқырманның дәл осы аталған позициясы мен автономия мен детерминация арасындағы теңгерім бүгінгі күні жыныс, класс, ұлт сияқты әлеуметтік маңызы бар факторлардың басымдығын анықтай отырып зерттеліп келеді. Айталық, Дэвид Морли өзінің «Отбасылық теледидар» атты соңғы этнографиялық зерттеуінде «өз мәдени әлеміне сәйкес мағыналарды белсенді түрде өндіретін адамның позицияларын қалыптастыру» мақсатын көздеді. Дейдре Прибрам «әйел көрермендерінің» алдында сөйлеген сөзінде мұндай субъективтілік теориясы әсіресе кино өндірісінде кеңінен қолданыс тауып жатқанын атап өтті. Ғалымның тұжырымына сәйкес, көрермендердің белсенділігі кино өнерін зерттеудің жаңа бағытын қамтамасыз ете алады, бұл жағдайда продюсер мен қолданушының талдауларын да есепке алған дұрыс деп есептеледі. Бұл жерде көрермен әйелдер әр түрлі деңгейде – әрі жеке тұлғалар ретінде, әрі тарихи білімі бар топтар ретінде, әрі көрермендер ретінде қызығушылық тудырады.

Аудиторияның дискурстық позицияларын рецензиялау білім беру тәжірибесіне айтарлықтай әсер етті. Осылайша, Лен Мастерманның айтуына қарағанда, медиалық білім беру жүйесінде жұмыстың аудиторияға әсерін талдаған кезде жалпы білім беру туралы айтқан орынды болар ма деген сұрақтың жауабын іздейді, себебі бұл жағдайда шәкірттер өз ойларының құрастырушылары емес, белгілі бір ақпаратты алушылар қатарында зерттеледі. Әдеби мәтіндердің оқытудың дәл осы аталған салдары бірінші кезекте негізделетіні анық, сондықтан да әдеби мәтін оқырманы үшін маңызды. Дэвид Морлидің ойынша, әлеуметтік формация нысанын анықтап алу мәселесінің маңыздылығы теледидар көрерменінен кем түспейді. Автор өз мақсатын әдеби мәтіндерді дайындау мен қабылдауды зерттеу кезіндегі педагогикалық негіздердің теориялық және практикалық ерекшеліктерін бөліп көрсету мәселесімен байланыстырды.



А. Грамшиден Л. Альтюссерге дейінгі теоретиктер айтқандай, мектептер басты идеологиялық аппараттардың бірі, олардан дискурстар немесе «мәдени капитал» тарайды деп тұжырымдалды. Егер оқырмандар белсенді білім алушылар ретінде қарастырылатын болса, онда олардың білім мен мағына құраудағы белсенді әрекеттерін көтермелеп отыру қажет, яғни білім беру жүйесі оқып жатқандарға мәдениет саласындағы өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға бағытталу керек, сол арқылы олардың тарихи және әлеуметтік сипаттағы зерттеу дискурстары қамтамасыз етілмек. Одан басқа, автордың пікірінше, егер шәкірттер тарихи амалдар арқылы әдеби мәтін «мағынасын жасауда белсенділік» танытатын болса, онда олар оның диалектикалық негіздерін де ескеруі керек деп есептелді, өйткені әдебиеттану ғылымында орын алған диалектикалық нормалар қозғалыс пен үздіксіз дамудың нәтижесін құрайтын принциптер жиынтығы, қайшылықтар негізінде қалыптасатын арнайы заңдылықтар жүйесі деген тұжырым үстем бола бастады. Тарихта «диалектика» ұғымы алғашында «диалект», «диалог» деген сөздермен астарласып қолданылса да, кейіннен ғылыми айналымға тек «даму, мәңгілік даму» мағынасында енгенін де есте ұстаған дұрыс.

Жаңа дискурстардың автоматты түрде жаңа оқу мүмкіндіктерін қалыптастыра алмайтынын Дэвид Морли еңбектеріне сүйене отырып, Маккормик дискурстар туралы қажетті түсінікті қалыптастыру керектігін атап өтті. Бұл жағдайда дискурстар «дискурстық кеңістіктің пайда болуын шектейді» делінген еді. Ғалымның ойынша, егер шәкірттер мәтін сипатын анықтай алар дискурстық кеңістікке кіретін болса, онда олар сәйкесінше мәтінді оқи да алады әрі оның мазмұнына терең бойлай да алады. Алайда мұндай оқылымның «сыни сауатты» әдістері радикалды педагогиканың бөлшегі деп танылады, сондықтан олар нысан теориясы басымдық танытатын медиялық педагогикада әлде-қайда тиімді болар еді.

Теориялық деңгейде автор бірнеше әдеби көзқарастар идеяларын талдаудан өткізе отырып, мәдени зерттеулер саласындағы аудиторияның рөлін зерделей келе, өз жұмысының бір бөлігін әдеби мәнмәтінге бейімдеді. Әдеби мәтіндерді материалистік және тарихи шарттарға сүйене отырып зерттеу заманауи маркстік сын ілімінде маңызды бағытты қалыптастырды. Терри Иглтон, Пьер Машери мен Фредрик Джеймсон сияқты ойшылдар тарихи формацияның маңыздылығына ерекше тоқталды. Олардың пікірлері аталмыш зерттеулердің симптомикалық оқылым негіздерінен бастау алды. Соның нәтижесінде мәтін пайда болатын әлеуметтік формациялардың қуаты мен қарама-қарсылық симптомдары айқындалады деп түсіндірілді. Бұл абзацтардың жасалуы кезінде мәтін бойынан өтетін сын оның идеологиялық құрмадас бөліктерін анықтауға мүмкіндік береді деп тұжырымдалды.

Дегенмен маркстік сын әдеби мәтіндерді қабылдау кезіндегі материалистік және тарихи шарттар туралы көп мәлімет бере қоймайды. Ол, негізінен, мәтіндердің дайындалу шарттарына бағытталады. Терри Иглтон сын мен идеологиядағы «қолдану әрекетін конститутивті» деп тани отырып, талдау үдерісінің өзін материалистік сын тұрғысынан анықтамайды. «Болмау» (отсутствии) ұғымы Пьер Машери үшін тарихтың сабақтасқан дамуын айғақтайды, яғни мәтін ішіндегі тарихи сұрақтар бүгінгі күн тұрғысынан өзектеліп, әлеуметтік формациямен немесе мәтіннің жазылу кезеңімен байланыстырылу керек. Фредрик Джеймсонның «Саяси санасыздық» атты еңбегінде практикалық нәтижелер сұрыпталады, бұл қатарда қабылдау, дайындау және тарихи негізде талдау әрекеттері әдеби сын мен әдеби мәтінді зерттеу әдістері ретінде қарастырылады.

Маккормик үшін мәтіндердің оқырманмен қабылдану мәселесінің марксизмде ескерілмегенін болжау қызық болды. Зерттеушінің айтуына қарағанда, оның астарында оқырманның орталықтандырылған «қолданбалы» сипаты да көрініс табуы мүмкін еді. Оны Терри Иглтон жеке тұлғаның өз шешімі деп сипаттады. Автордың ойына сәйкес, Тони Беннет пен Ганс Р. Яусс бұл тұжырымдарды жан-жақты қайта таразылауға тырысқан. Әдеби және танымал мәдени талдауларға негізделген еңбектерінде Беннет пен Джанет Вуллакотт мәтіндерді дайындау және қабылдау үдерістері өзара тығыз байланысқандықтан, мәтін туралы өз алдына жеке баяндау қиын деп есептеді. Беннет өзінің «Формализм және Марксизм» атты зерттеуінде Иглтон мен Машеридің ойларын сынға алады, себебі олар оқылымды қарама-қарсылықтарды қабылдау амалы ретінде мойындамай, әдеби мәтіндерді марксистік талдау нысанына айналдыруды жөн көрді деп тұжырымдалды.



Кэтлин Маккормик Ганс Р. Яусстың эстетикалық амалын әдеби мәтіндердің тарихын кеңінен талдау мүмкіндігі деп қарастырды. Оның Гадамер герменевтикасынан алған түсінігі мәтін мен оның тарихы арасындағы тоғысуды айғақтады. Бұл жерде нормалар, сөйлемдер, құндылықтар бүгінгі мәдени ойлар тұрғысынан дәйектелетін болған. Яусстың ойынша, әдебиет тарихы – бұл эстетикалық қабылдау мен дайындау үдерісі. Ол мәтіннің әсершіл оқырман, рефлексивті сыншы және өндіру қарқыны күшті автор тарапынан қабылдануын анықтайтын маңызды фактор ретінде бағаланады. Әдеби оқиға жалғасасын таба алады деп есептеледі. Нәтижесінде Яус пен Беннетт әдеби мәтіндерді тарихи белсенді бірліктер деп сипаттады. Олардың мәні мен салдары оқылатын шарттарға байланысты болғандықтан, Кэтлин Маккормик Яус мәтінді қабылдау кезіндегі салмақты идеологиялық сұрақтардың туындауын мойындаса, оның жұмысы эстетикалық тарихқа шоғырлану мақсатын көздейді деп жазды. Бұл жерде оқылудың диалогқа негізделген үлгісіне мән беру маңызды деп танылады, себебі ол өзіне тек мәтін сынының тарихын ғана емес, әрі саяси, институционалды және идеологиялық мағынадағы сын түрлерін де қоса қамтуы мүмкін еді.

Беннетт пен Яус көзқарастарына сүйене отырып, олардың тұжырымдарын Морлидің субъективтілік туралы еңбегімен сабақтастыра келе, Маккормик теория деген ұғымға өзіндік ойлау мен қабылдау жүйелерімен келді. Автор бұл ұғымды жазу мен қабылдау арасындағы барша саналы әрекеттерді жоққа шығаратын әрі диалектикалық және тарихи үдерістер арқылы өндіру пішіндерін зерттеу жиынтығы деп анықтады. Осыған орай, автор жазу немесе дайындау және қабылдау ұғымдарының аралық салыстырмалы сипатын да келесі бағытта түсіндірді: «Өндіру дегеніміз коннотациялық белсенділігімен және онтологиялық басымдығымен көзге түсетін термин болса, қабылдау, керісінше, өзіне дейін жасалған нәрселерді белсенді түрде тек қолданушы қызметінде жүреді, өз алдына бұл салғырт әрекетті білдіретін ұғым» деп жазылды. Осы екі ұғымның тоғысына тап болған кез келген адам бәрібір осы дилеммаға немесе бөлініске тап болады деп есептеледі, өйткені қайта өндіру бастапқы кезде өз басымдығын айқын аңғартады. Бұл саналы айырмашылық, автордың ойынша, мәтін мен мағына арасындағы дәстүрлі рухтану әрекетінде жатуы мүмкін.

Оқылу – бұл бүгінгі күн мен өткен тарихтың арасында әрдайым өзгеріп отыратын диалог. Беннетт мәтіндермен, оқырманмен және мәнмәтіндермен аралық байланыстарды сипаттау үшін «оқуға үйрету» деген ұғымды енгізді. Олар мәтінді оқу амалдарын анықтауға септігін тигізеді деп тұжырымдалды. Оның көзқарасы Яусстың «күту көкжиегі» деген тұжырымына ұқсас болды. Беннетт күрделі элеуметтік және дискурсивті шамадан тыс детерминизмді оқуға жаттығу деп түсіндірді. Сөйтіп, Беннетт оқылу жағдаяттарын немесе ойлай білудің амал-тәсілдерін дайындау керектігін баса атап өтті.

Кэтлин Маккормиктің айтуына қарағанда, оқытудың басымдық танытатын амалдарымен қоса, әрдайым онымен бәсекелесетін не қарсы шығатын позициялар да болады. Осылайша, «Марксизм және Әдебиет» атты Раймонд Уильямстің еңбегінде кез келген иерархиялық болашақта білім берудің жоғары детерминативті сипатына мән беруге көмектесетін әрі әркез басым түсетін бастапқы идеологиялық мәселелер көрініс табады делінген. Марксистік дәстүр мен жастарға білім беру мен оқыту салаларындағы дәстүрлілік мәселелері еңбекте «Оқу кезіндегі әрекеттері идеологиялық күштермен шектелген оқырманның рөлін қалай түсіндіруге болады?» деген сұрақпен тоғыса талданады. Осыған орай, автордың ойына сәйкес, оқырман мен автор арасындағы айырмашылыққа мән берген әдебиет теориясы өз назарын, кейбір БАҚ теорияларына сүйене отырып, осы сұраққа бұру керек деп тұжырымдалады.

Бұл жағдайда оқырман мен автор арасындағы еңсерілмейтін кеңістік авторлар тарапынан шынайы оқырмандар бітұтас мәтіннің нысандары ғана болып қоймай, тарихтың да элеуметтік формацияларда тұратын субъектілері болады деген ойға сәйкес анықталатын болады. Бұл айырмашылық, әдебиетте әсіресе, ұстаз бен шәкірт көзқарастары бірімен-бірі сәйкеспеген кезде, айқын байқалады. Оқытушылар студенттер мәтіндермен өз бетінше танысу керек деген кезде, студенттердің көкірегі эмоцияға толып, бойларын қорқыныш сезімі жаулауы мүмкін, өйткені олар мәдени, тарихи, әдеби немесе теориялық дискурстарда шектеулі. Ал бұл дискурстар оларға динамикалық сипатта тез дамуға мүмкіндік берері анық. Өз беттерімен оқып тануға талпынған студенттерде трансцендентті білім қоры да жеткіліксіз болуы ықтимал, оларсыз мәтін мазмұнын толық қабылдау қиынға соғады. Алайда бұл оқыту амалы студенттердің жеке





қалыптасуын шыңдай түсері де хақ. Олар жазуға және түсініп қабылдауға үйренетін болады. Сонымен қатар, Морлидің айтуына қарағанда, бұл дискурсивті кеңістікте студенттер өз мәдени және тарихи көкжиектерін таныта алады, сол арқылы туындаған сұрақтарды пәнаралық сабақтастықта өрбіте алады.

Теорияда жазу мен қабылдау тарихын талдау кезіндегі аса маңызды амалдардың бірін кіріспе құрайды. Арнайы әлеуметтік топтармен жұмыс істеу үдерісі әдеби мәтін мен оқырман, оқытушы мен оқушы арасындағы дәстүрлі қарым-қатынастарды өзгертуге қабілетті белгілі бір әлеуеттің болуын қажет етеді. Сыни және тарихи санасы бар оқушыларға қажет білім беру жүйесін автор үш кезеңге бөліп талдады.

Біріншіден, оқылу тарихи білім берудің аса қажет бірлігі ретінде танылады. Мысалы, «Улисс» романының жазылу ортасын алыңыз. Тек әфсана немесе кейіпкерлер, саяси оқиғалар, діни тәжірибе туралы материал ғана зерттелмейді, мәтіннің симптомикалық оқылуы есепке алынады. Сонымен қатар әлеуметтік формация қуаты мен қарама-қайшылығын анықтайтын «симптомдарды», яки белгілерді іздеу іске асырылады. Нәтижесінде мәтіннің жазылу ортасы қалыпқа келтіріледі. Айталық, «Циклоптың» тарауларын оқыған оқушы ирланд саясатындағы қайшылықтар мен күрес бейнесін көз алдына елестету кезінде әр түрлі лингвистикалық эксцестерді де байқауы мүмкін. Барни Кернан пабындағы шынайы саға көрінісіне ене отырып олар ирланд ұлтшылдарының риторикасына пародия жасау арқылы британдықтардың көрсеткен басып – жаншуын сипаттауын талдауға тырысады. Джойс кезіндегі ирланд саясатына деген саналы көзқарас арқылы Джеймстің «өзін ұстау стратегиясы» мәтіндік талдау нысанын құрады. Бірін-бірі ауыстыратын шындық арқылы тарихи оқиғалар интерпретациясы ұсынылады.

Улиссстің симптоматиялық тарихын қайта өңдеуден өткізгеннен кейін, студенттер білім алудың келесі кезеңіне өтеді. Макрейридің айтуына қарағанда, мәтінді «белгілі бір шарттарға негізделіп құрастырылған» құбылыс ретінде түсінудің кезеңі қалыптасады. Оқылымның екінші кезеңінде студенттер өз тарихында қайта құрылған Улиссстің белгілі бір шарттарын қоса отырып, өз көзқарастар кеңістігін кеңейтуге талпынады. Олар қалай әрі не себепті оқылымның әр түрі мәтіннің әрқилы мәселелерін дамытуға ат салысатынын оқып үйренеді. Басқаша айтқанда, олар мәтіндердің идеологиялық мақсаттарды қалыптастырудағы рөлін талдайды. Мұндай зерттеулер мен ізденістер «Улисссті» тарихи амалдар контекстінде оқуға үйретеді. Оқылудың үшінші кезеңінде студенттер мәтінді оқу барысында қалыптасатын өзіндік көзқарастары мен ойларын дамытады. Бұл қарама-қарсы мәдени жүйелерге бойлайтын автономиялық немесе әлеуметтік субъект позицияларында жүзеге асырылмайды. Маккормиктің айтуына қарағанда, бұл жағдайда нысанға алынған мәселенің пәнаралық сабақтастығы есепке алынады. Оқушылар мәтінді тарихпен байланыстыра отырып, оқуға тырысады, сол арқылы өздеріне де сол тарихи шарттылықпен дәйектелген сұрақтарды қоя отырып қалыптасады. Оқудың бұл сәтінде студенттер өздерінің «жаңа» сұрақтарының диалектикалық қатынастарын талдауға және өткен тарих туралы түсініктерін қалыптастыруға тырысады. Студенттер мәтінді шындықтың трансцеденттілігін ашпай-ақ, белгілі бір мақсатқа қатыстылығын қарастыруды көздейді.

Маккормиктің еңбегі өндіру мен қабылдау теорияларына ашық дискурстық кеңістік мәселесін айқындады. Автордың айтуына қарағанда, аталмыш ұғым тек студенттердің әдеби мәтінге деген көзқарасын ғана емес, жалпы студенттер мен оқытушылар арақатынасын да өзгертуге ықпал етеді. Курс теориясының функционалды сипатынан орын алатын педагогикалық мақсаттар да ерекше аталып өтеді. Олардың қатарында сыни ойлау мен оқу дағдыларын дамыту мақсатында оқытушы мен оқушының диалогқа қатысуы кезіндегі жағдаяттар да ескеріледі. Бұл формат жаңа білім көзін қалыптастырушы дереккөздер ретінде назарда тұрады. Нәтижесінде, Маккормик студенттерге әрі оқушы, әрі оқытушы рөлдерін сабақтастыруға мүмкіндік берілген кезде, олар Улиссстремен әрі интеллектуладық немесе зияткерлік, әрі эмоционалдық әрекетте болу дәрежесіне көтеріледі деп атап көрсетті. Бұл кезде студенттер өз дәрежесінде өткенге көзқарастарын танытып, өз қалауларына диалогтық қатынастарды дамыта алады. Ең бастысы, студенттің мәтіннің тарихи жағдайы туралы өз жеке түсінігін қалыптастыру мүмкіндігі пайда болады.

Әдебиет суреткердің жеке тәжірибесі мен сезім әлемінен нәр ала дүниеге келетіндіктен, әдеби мәтінді оқу барысында оқырман өз ғаламын мәтін авторымен ішкі тұтастықта әрі



Кітап: Әдебиет теориясы: Антология, I

Дәріс: 23. Кэтлин Маккормик «Әдеби мәтіндерді оқу, зерттеу және дайындау мен қабылдау жүйелерін теорияландыру»

диалогтық кеңістікте сабақтастырған дұрыс. Бұл қажеттіліктің астарында кез келген тұжырымның табиғаты, яғни адам санасының ойлау бірліктері мен психикалық ресурстарынан, білім мен тәжірибенің бейнелі көрсеткіштерінен құралатын өзгешелігі жататыны анық. Осы мақсатта сіздерге ұсынылатын келесі дәрісіміз Пьер Бурдьё идеяларынан бастау алады. Біз автордың «Айырмашылықтар» атты еңбегін нысанға ала отырып, әдеби теориялардың тағы бір қырларын түсінуге мүмкіндік аламыз.

### Бақылау сұрақтары

1. Есту арқылы жүзеге асатын дискурстық позицияларды қайта таразыдан өткізудің мәні неде?
2. Әдеби мәтіндерді дайындау мен қабылдаудың педагогикалық негіздері қандай мақсаттарды көздейді?
3. Маккормик мәтіннің дискурстық кеңістігін қалай сипаттайды?
4. Бенеттің мәтін туралы тұжырымының маңызы қандай?
5. Маккормик дәйектеген үш кезеңдік мәтіндік оқылудың ерекшелігі неде?

### Қолданылған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 314–322 б.